

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Иммануил Кант
«Трансцендентальды эстетика»



Мақсаты: Канттың адамзат санасының, интуициясының пішіндері, трансцендентальды эстетика контекстіндегі кеңістік пен уақыт туралы тұжырымдарын зерделеу.

Кілт тіркестер: сана белсенді конструктор ретінде, адамзатқа тән саналы интуиция пішіндері, заттардың тіршілік етуінің априорлы шарттары, тұжырымдар иллюстрациясы

Негізгі идеялар:

- «Кант қаласы» деген ұғымның астары.
- Кант ақылдың туа бітетін күштері туралы.
- «Трансцендентальды эстетика» саналы білімнің іргелі конституциясы туралы.
- Кеңістік пен уақыт заттар платформасының шарты ретінде.
- «Априори» мен «апостериори» ұғымдарының еркшеліктері.
- Кант тұжырымдарындағы интуиция табиғаты.

Дәрісімізде біз Иммануил Кант туралы баяндаймыз. Біздің ойымызша, әрқайсысыларыңыз бұл тұлғаның өмірбаянымен де, пәлсапалық көзқарастарымен де таныссыздар. Ол Кенигсберг қаласының ең танымал азаматы болды. Канттың бала кезден бойына сіңірген тәрбиесі де, алғашқы білім алу жүйесі де діни сипатта болды. 1740 жылы Кант Кенигсберг университетіне түсіп, пәлсапа, физика және математика ілімдерімен құлшына айналысты. Университетті бітіргеннен кейін Кант жеке сабақтар берді, ал 1755 жылы докторлық дәреже алғаннан кейін өз университетінде приват-доцент болып тағайындалды. Оның математика мен географиядан дайындаған дәрістері барынша танымал болды. Жас ғалымның аты ғылыми қауымға мәлім бола бастады. Профессор ретінде Кант тыңдаушыларын өз бетімен ойлана білуге жетеледі. Кейін ғылыми танымын кеңейте түскен Кант антропология мен логикадан және метафизикадан дәрістер оқыды.

Оның пәлсапасы Кенигсберг қаласының атын шығарды. Мұндай атақты бұл қалаға тіпті басшылары да, әскерлері де, тіпті сауда жолдары да әпере алмаған еді. Рухани әлемнен хабары бар адамдарға «Канттың қаласы» деген ұғым көп ойлардың астарын айқара ашып бере алады. Бұл ойлардың желісі тек қаланың еуропа мәдениетінің орталығына айналуымен ғана байланысты емес, ең бастысы, Канттың өз туған жері Кенигсбергпен етене сабақтасуымен тоғысады. Кант осы қалада туып-өсіп, бар өмірін өткізді. Париж бен Санкт-Петербург, Лондон және тіпті Берлин де ғалымның танымында достарының әңгімелері мен кітаптар арқылы қалыптасты. Физикалық география курсы керемет оқыған зерттеуші өз қаласынан басқа жерді көрмеп еді.

Канттың ойы шексіз еді. Ол пәлсапалық ойларын тек шығыс Пруссия тұрғындарына ғана емес, барша саналы жұртқа арнады. Кант парадоксының алғашқы қатарын шынайы өмірдің кеңістіктегі шектеулі сипаты мен жалпы өмір атаулының абсолютті кеңдігі анықтады. Адамзат тарихындағы ең әмбебап пәлсапалық жүйе әлемді өз көзімен тануға ұмтылмаған адаммен жасалды.

Келесі парадоксты тұрмыстық сана үлгілері анықтады. Кант: «Онсыз өмір сүре алатын жарылқаушылықты қабылдамаңыз», – деп жазды. Нәтижесінде адамзат терең, жүйелі әрі шынайы ойлаудың тәжірибені тереңдетіп кеңейтуге мүмкіндік беретінін түсінді. Ойлай білудің өзі өмір деп тұжырымдалды. Кантты оқи отырып, оның адамға тән ойлау жүйесін дамыту барысында күнделікті тіршілікке бейімдей алғанын түсінуге болады (1).

1781 жылы алғаш рет басылып шыққан Канттың «Таза зердеге сын» атты еңбегі ақыл-сана біздің әлем туралы біліміміздің құрылысшысы деген тұжырымға негізделді. Өзге философтар тәжірибенің ментальды тұжырымдарды жасаудағы рөлін талдай отырып, өз ақылдарының априорлы операцияларына көп көңіл бөлмеді. Осыған орай, Канттың саналы білімнің іргелі конституциясы туралы идеялары оның «Трансцендентальды эстетика» атты еңбегінде көрініс тапты.

Автордың трансцендентальды эстетика туралы бақылауларына сүйенетін болсақ, ол, шын мәнінде, саналы білімнің фундаментальды конституциясын нақты түсіндіре алатын ұғым деп танылады. Канттың ойынша, біздің бар интуициямыз – сыртқы әлем туралы көзқарасымыз, сондықтан әр адам өз сезімталдығының ерекшелігін түсіну керек деген ойда болды. Әрине,



сезімталдық дегеніміз – әлемдегі заттар туралы қателескен түсініктер деп қабылданатын болса, онда бұл екі ұғымның табиғатын анықтау да қажет болмас еді. Канттың пікіріне сүйенсек, нақты және қателескен түсініктер арасындағы айырмашылық логикалық негізде дәйектелу керек және бұл өзгешеліктер олардың мазмұндық жүйесіне қатыссыз. Сөзсіз, «құқық» ұғымы өзінің кеңінен таралған мағынасында өзінен туындайтын барлық өзгешеліктерді қамтиды. Нәтижесінде адамдар күнделікті өмірде және практикалық қолданыста өз ойларынан туындайтын алуан түрлі түсініктерді сезіне бермейді.

Бірақ біз жалпы түсінік өзінің пайда болу сипатына орай ақылға қонымды болады деп айта алмаймыз, себебі «құқық» көзге көріне бермейтін ұғымдар тізбегін құрайды. Ол тәуелсіз әрекеттердің сипаты болып табылады, ал дененің интуитивті сезімі әсер ету нәтижесінде пайда болатын сезімталдық деп қабылданады.

Әдетте адамдар көзге көрінетін жалпыға ортақ интуитивті әсер ету мен сезімдерді айыра біледі. Осылайша, егер көріну тәуелсіз нысан ретінде қалыптасса, онда интуиция оның айрықша эмпирикалық сипатын анықтайтын сыртқы көрінісі деп сипатталады. Дәл осы адам сезімінің жеке түрі ретіндегі эмпирикалық интуиция трансценденттің негізі, яғни ядросы болып табылады. Мысал ретінде, автор кемпірқосақ пен жаңбыр сияқты табиғиат құбылыстарын салыстырады. Бұл жағдайда зерттеуші құбылыстардың физикалық және визуалды сипаттамаларына сүйенеді. Осылайша, көру нысанын құрайтын кемпірқосақ өзінің сыртқы келбетімен қабылданса, жаңбыр табиғи үдерістердің нәтижесі ретінде табиғи қабылдаудың нысанын құрады. Алайда эмпирикалық зерттеудің нысандары ретінде олар бірқатар тұжырымдамалық сұрақтарды туындатты: олардың адамзат үшін бірдей маңызы бар ма, олар трансцендентті қалыпқа өте отырып, тәуелсіз ерекшеліктерді қалыптастыра ала ма? Нәтижесінде адамдар кеңістікке бағытталған жаңбыр тамшыларының дөңгелек пішінділерін де маңызды деп бағалап, оларды адам интуициясының санадағы өзгерісін дәйектеуге бағыттады.

Трансцендентальды эстетиканың екінші маңызды құрамдас бөлігі – шындыққа жанасатын болжамның даму мүмкіндігі. Кант кеңістік пен уақыт объективті және олар заттар мен оның идеяларының платформасы болып табылады деп қарастырды. Біріншіден, философияның пайымдауынша, екеуінде де априорлы және синтетикалық ұсыныстар көп. Атап айтқанда, бұл зерттеудің нысаны болып табылатын кеңістікке қатысты. Бұл келесі сұрақтың туындауын негіздеді: түсінік неге сүйене отырып, абсолютті әрі қажетті, сол сияқты әмбебап ақиқатқа жету жолдарын анықтайды? Кант: «Түсінік пен интуиция табиғатын түсінуден басқа жол жоқ», – деп тұжырымдады. Аталған мәселелер бойынша жинақталған тәжірибе білім негізін қалыптастырады.

Осындай білімге қол жеткізудің ең маңызды да бірден бір амалы ретінде автор ұғымдар мен интуицияның өзара сабақтасуын атады. Кант қарапайым ұғымдардан синтетикалық емес, аналитикалық білім жасалу керек деп түсіндірді. Мысал ретінде философ мына сөйлемдер тізбегін нысанға ала отырып, құрамынан кейбір сөздердің алыну мүмкіндігін талдап сипаттады. «Екі түзу сызық кеңістікті толық қамти алмайды және екі түзу сызықтан фигура жасалмайды» деген сөйлемдегі «түзу» және «екі» деген сөздерді алып тастағанда, қандай логикалық сабақтастықты жүйелеуге болады деген сұраққа жауап беру үшін ғалым дәл осы құрылымда тағы бір сөйлемді салыстыруға ұсынады: «Үш түзу сызықты негізге ала отырып, сан жасауға болады». Бұл сөйлем де алғашқы мысалдай екі сөздің қатысуымен және қатысуынсыз байланыстырылды. Нәтижесінде ғалым бұл әрекеттің дұрыс бола алмайтынын дәйектеу арқылы тек геометрияға сүйеніп қана екі жағдайда да интуицияға жүгінуге болады деп қорытындылады.

Ойдың үйлесімді жалғасы ретінде ғалым интуиция табиғатын тереңірек зерделеуге тырысады. Осы мақсатта ол «Интуиция қалай байқалады?», «Интуиция априорлы немесе эмпирикалық сипатқа ие бола ма?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Канттың көзқарасы бойынша, интуицияны эмпирикалық сипатта қарастыратын болсақ, онда шынайы әрі әмбебап тұжырымдар жасау мүмкіндігі болмас еді. Осы үлгіде даусыз, дәлелді ұсыныстар шектеледі, себебі олардың басты құрамдас бөлігі ретінде тәжірибе нысанға алынған болар еді. Осыған орай, Кант интуицияның априорлы, яғни әу баста негізделген нысан ретіндегі қажеттілігін негіздеу мақсатын көздейді. Бұл жерде интуицияның синтетикалық ерекшелігі ескеріледі. Ұсынылған талдауда «априори» деген терминнің мағынасы тәжірибеге дейін жинақталған



білім мүмкіндіктерімен түсіндіріледі әрі осы қатарда белсенді ойлаудың ішкі дереккөздері басшылыққа алынады. «Априори» терминіне қарама-қарсы ұғым деп апостериори, яғни тәжірибе барысында жиналатын білім деген мазмұндағы сөз алынады. Осыған байланысты кеңістік пен уақыт сыртқы және ішкі тәжірибенің қажет шарттары тұрғысынан барша адамзат интуициясының субъективті негіздерін анықтай алады деп есептеледі.

Ішкі және сыртқы мазмұндағы идеал теориясы мен сезім нысандарын қарапайым құбылыстармен байланыстыру астарында интуицияның сүйсіну, ерік сияқты ұғымдар кеңістігі сұрыпталады, сондықтан заттың өзі қарапайым қатынастармен дәйектеле алмайды. Осыған орай, сыртқы мағынаның қарапайым үлгілерін ескере отырып, оның бір субъектіден екінші объектіге өту ерекшелігін нысанның ішкі табиғатынан бөлек талдауға болады деп ұғынылады. Бұл үдеріс кері бағытта да жүзеге асырылады, яғни ішкі мағына да өз алдына жеке қатынастар тізбегін құрайды. Олардың барлығы біздің санамызда көрініс тауып, тәжірибедегі сабақтастықты және тұтастықты айқындайды. Демек, кез келген ойлау жүйесіне қатысы бар мәселе интуиция аясында да қарастыралатын болады. Аса маңызды және күрделі мәселелердің бірін субъектінің ішкі «мені» және оның мүмкіндіктері анықтайды. Канттың айтуына қарағанда, егер субъектіге қатысты түрлі өзгешеліктер өз-өзімен жүзеге асатын болып жатса, онда интуиция интеллектуал деңгейіне көтерілді дегенді білдіреді. Адам баласының бойында көп мәселеленің тоғысқан табиғатын қабылдау ішкі мүмкіндіктері арқылы іске асырылады, олар кездейсоқ үлгіде емес, сезімге сүйене сипат алу керек. Нәтижесінде сезім арқылы ақыл-санаға әсер ету интуицияның пайда болуын дәйектейді.

Канттың пікірінше, сыртқы нысандар интуициясы мен ақылдың өз интуициясы ойдың кеңістіктегі және уақыт шегіндегі нысандарын жүйелеуге көмектеседі, сезім тудыратын бұл ерекшеліктер иллюзия түрінде қабылданбайды. Ескерте кететін мәселе, объектінің субъектіге қатысы тұрғысынан бұл ерекшеліктер интуицияға тікелей байланысты болады, бұл жердегі объектіні сыртқы көрініс ретінде өз алдына жеке талдаған дұрыс. Автор кеңістік пен уақытты өзара тоғыса дамитын құбылыстар ретінде қарастырған кезде, адамның денесін де, яғни тәнін, рухын да, яғни жанын, интуиция шеңберінде зерделеу қажет. Кант оларды шектеудің қажеті жоқ деп түсіндіреді, сондықтан осы уақытқа дейін кең таралып келген тұжырымдарға да терең пайыммен қарау керек дейді. Дене адам табиғатынан тыс тұрған, ал оның рухы оның санасындағы көрінісі ғана деген ойларды қайта таразыдан өткізу керек деп тұжырымдалады, өйткені Канттың айтуына қарағанда, сыртқы көріністен иллюзия жасауға болмайды. Кеңістік пен уақыт барлық заттарға тән ұғымдар ретінде талданады. Тіпті біздің тіршілігіміз де осы тұрғыдан иллюзияға немесе түсініксіз болжамға, абсурдты ойға айналар еді деп қорытындылады Кант.

Шынайы дін ілімін алып қарайтын болсаңыз, Құдай біз үшін ешқашан интуиция нысаны бола алмайды, оны тіпті өзіне қатысты да саналы интуиция тұрғысынан саралауға болмайды. Бұл ретте кеңістік пен уақыт ұғымдары да жоққа шығарылады. Философтың айтуы бойынша, Құдай туралы ойлар табиғатына сәйкес интуитивті бола тұра, шектеулі сипатқа ие. Мұндай шектеулілік зат атаулыға тән қалыптасатын кеңістік пен уақыт пішіндерімен түсіндіріледі. Олар априорлы шарттармен дәлелденіп, Кант дәйектегендей, «олар толық мағынасындағы тіршілік шарттары бола тұра, Құдайдың да шарты болуға тиіс еді. Егер де біз оларды барша заттардың объективті пішіндері ретінде қарастыратын болсақ, оның бір ғана баламасын өзіміздің ішкі және сыртқы интуициямыздың субъективті пішіні анықтау керек... Ол саналы, бірақ өзгеше емес. Біздің сезімталдығымыз нысанға байланысты болғандықтан, сол субъект пен объект арасындағы қабылдау негізінде ғана мүмкін бола алады» (2).

Кеңістік пен уақыт шегінде тіршілік ететін бұл интуиция адамның сезімталдығымен шектелмеу керек. Әрине, оның шынайы ақиқаттығына көз жеткізу қиынға соғар. Дегенмен бұл әмбебап амал сезімді айналып өте алмайды, ол туынды бола тұра, өзгеше немесе интеллектуалды интуиция негізін айқындай алмайды. Жоғарыда аталған себептерге сүйенетін болсақ, мұндай интеллектуалды жоғары интуиция тек тұңғыш әрі бүлінбеген әлемге тән, демек, оған тәуелді немесе оның интуициясына бағынулы құбылыстарға бұл деңгейде жету қиынға соғады. Кант эстетикалық теорияның алуан түсті бояулы, бейнелі тұжырымдарын атап өтіп, оларды дәйектемелер мен дәлелдердің бір бөлігі деп қарастырудан жырақ болды.

Канттың «Трансцендентальды эстетика» атты еңбегінің қорытындысы таза априорлы немесе тәжірибеге тәуелсіз интуицияның ұстанымдарын, кеңістік пен уақыт категорияларын аса маңызды құндылықтар қатарында талдауға негізделді. Талқылауға Кант трансценден-



тальды пәлсапаның ортақ мәселесін алып шықты, оның астарында «Синтетикалық априорлы тұжырымдар мүмкін бе?» деген сұрақ көрініс тапты. Философтың ойынша, адамдар осы сұраққа жауап беру барысында оның априорлы тұжырымына негізделген шектерінен шыға отырып, априорлы интуиция өрісіне түскендерін байқамай қалады. Нақтырақ айтқанда, кейде адам сана мен түсінікке бағына бермейтін мәселелерді интуитивті түрде сезіне алады, бірақ бұл тұжырымдар ешқашан сезімнен сырт ортаға ауыса алмайды. Ғалым олар тек сол нысандарға ғана тән болады деп тұжырымдайды.

Сыртқы әлемнің барын бізге бәрінен бұрын жеткізетін біздің сезімдеріміз. Сол сезімдер нысандарды да сезімдердің себебі ретінде тануға көмектеседі. Қоршаған әлемді адам интуитивті түрде танып біледі, бұл жерде оған сезімге негізделген ұстанымдар көмекке келеді. Бұл интуицияның мүмкіндігі тәжірибеге тәуелсіз деп қарастырылатындықтан, Кант пәлсапасының өзегін маңызды кілтін кеңістік пен уақыт ұғымдары айқындады, олар интуицияның пішіндеріне жатқызылды. Біз танып білген заттар мен құбылыстарды кеңістік пен уақыт шеңберінде зерделейміз. Бізді қоршаған физикалық әлем де уақыт пен кеңістікке бағынған аяда қабылданады. Бұл екеуі идея да емес, ұғым деп те толық қарастыруға келмес, себебі олардың шығу тегі эмпирикалық емес. Канттың тұжырымдауынша, олар – таза интуиция (1).

Танымға негізделген интуиция дегеніміз – адамның ішкі мүмкіндіктерін сыртқы әсер етуші күштермен байланыстыратын, оның қоршаған әлеммен тұтасқан болмысын сипаттауға мүмкіндік беретін және аралық қатынасты табиғи заңдылық ретінде немесе заттар мен құбылыстардың өзара әсер етуінің салдары деп дәйектейтін маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Әдебиет пен пәлсапа ғылымдарындағы антропологиялық фактор адамзат жаратылысымен түсіндірілетін танымдық тұтастық пен ұғымдар жіктемесінің маңызды бірлігі. Ол – адам баласының биологиялық және психологиялық қуатын анықтауға мүмкіндік беретін көру, есту, қабылдау, ойлау, есте сақтау, жаңғырту және т.б. әрекеттер жиынтығынан бастау алатын ғылыми әдіс-тәсілдер тоғысы. Аталған амалдардың әрқайсысы жекеленген тұлғалардың қоршаған ортаны пайымдап зерделеуін, белгілі бір заттар мен құбылыстарды асқан зейінмен қабылдауын, оларды жадыда сақтау талаптарын қамтамасыз етумен қатар, тілдік зерттеулердегі адамдық факторды негіздейді. Нәтижесінде субъектіге тән рецептрлік жүйелер мен олардың әсер етуі арқылы пайда болатын психикалық ерекшеліктер анықталып, қабылдау мен сезу сол объекті мен субъекті арасындағы тұтасқан байланыстың психикалық өзгешелігін талдап сипаттауға мүмкіндік береді. Ақыл мен оқырман санасындағы таза интуиция мәселелерін талдауды жалғастыра отырып, біз келесі кездесуімізді оқылым феноменологиясына арнаймыз. Бұл мәселелер Жож Пуле еңбектері негізінде сіздерге ұсынылатын болады.

Бақылау сұрақтары

1. «Кант қаласы» деген ұғымды қалай түсіндіруге болады?
2. Канттың қандай еңбектері сананың туа біткен күшін түсіндіруге бағытталған?
3. Канттың «Трансцендентальды эстетикасында» саналы білімнің іргелі конституциясы туралы не айтылған?
4. Кеңістік пен уақытты Кант заттар платформасының шарттылығы ретінде қалай түсіндіреді?
5. «Априори» және «апостериори» ұғымдарының ерекшелігі неде?
6. Кантқа сәйкес интуиция табиғатын қалай сипаттауға болады?

Қолданылған дереккөздер

1. <https://www.kantiana.ru/about/kant/>;
2. <http://rushist.com/index.php/historical-notes/2033-filosofiya-kanta-kratko>
3. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 293 бет.